

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2002 жылғы 30 мамырдағы N 598 қаулысына толықтырулар мен өзгерістер енгізу туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 4 қыркүйектегі N 898 қаулысы. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2016 жылғы 31 тамыздағы № 497 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 31.08.2016 № 497 қаулысымен.

Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. "Норма шығармашылығы қызметін жетілдіру жөніндегі шаралар туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2002 жылғы 30 мамырдағы N 598 қаулысына (Қазақстан Республикасының ПҮКЖ-ы, 2002 ж., N 16, 172-құжат) мынадай толықтырулар мен өзгерістер енгізілсін:

көрсетілген қаулымен бекітілген Заң, жобаларына ғылыми сараптама жүргізу е р е ж е с і н д е :

1) 2-тармақ "қаржылық" деген сөзден кейін "криминологиялық" деген сөзбен т о л ы қ т ы р ы л с ы н ;

2) 4-тармақ алынып тасталсын;

3) мынадай мазмұндағы 5-1-тармақпен толықтырылсын:

"5-1. Криминологиялық сараптама мынадай міндеттерді басшылыққа алады:

1) заң жобалау базасын жетілдіру;

2) заң жобасының қабылдануына байланысты құқық бұзушылықтарды жасауға мүмкін жағдайларды анықтау;

3) қылмыстық әрекеттің үстінен әлеуметтік-құқықтық бақылаудың мүмкін болатын тиімділігін айқындау және заң жобасы қабылданған жағдайда оның а л д ы н а л у ;

4) заң жобасында Қазақстан Республикасындағы қазіргі кездегі қылмыстың жай-күйін, сипатын және құрылымын есепке алу;

5) заң жобасын қабылдаудың қылмысқа қарсы күрес жөніндегі шараларға қ а т ы с т ы с а л д а р л а р ы ;

6) сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтарына қарсы күрестің мүмкін болатын тиімділігін айқындау;

7) заң жобасын қабылдаудың қылмыс субъектілерінің әлеуметтік-психологиялық қасиеттері жүйесіне қатысты салдарлары;

8) жәбірленуші тараптың өз құқықтарының қорғалуын жүзеге асыру м ү м к і н д і г і ;

9) заң жобасымен реттелетін құқық бұзушылықтардың түрлері бойынша статистикалық деректердің болуы;

10) заң жобасында көрсетілген құқық бұзушылықтардың түрлері бойынша жасырын қылмысты есепке алу мүмкіндігі;

11) террорлық актілер, қасақана құқық бұзушылықтар, сондай-ақ абайсыздықпен құқық бұзушылықтар жасау мүмкіндігін анықтау;

12) заң жобасы қабылданған жағдайда криминологиялық болжауды енгізу;

13) заң жобасы қабылданған жағдайда криминологиялық жоспарлауды жүзеге асыру;

14) экономикалық қылмыстың криминологиялық сипаттамасын талдау.";

4) 8-тармақ "ғылыми білімі" деген сөздерден кейін "және (немесе) ғылыми дәрежесі" деген сөздермен толықтырылсын;

5) 10-тармақ "шартта" деген сөзден кейін "немесе еңбек шартында" деген сөздермен толықтырылсын;

6) мынадай мазмұндағы 10-1-тармақпен толықтырылсын:

"10-1 Сараптама заң жобасын әзірлеудің мынадай сатыларында жүргізіледі: заң жобасын Қазақстан Республикасы Үкіметінің Регламентіне сәйкес мүдделі мемлекеттік органдармен келісу;

Қазақстан Республикасының Үкіметіне енгізгенге дейін.";

7) 13-тармақта:

екінші абзац "(мемлекеттік және орыс тілдерінде)" деген сөздермен толықтырылсын;

үшінші абзац ", қолданыстағы заңнамаға өзгерістер мен толықтырулар туралы заң жобасын енгізген кезде (мемлекеттік және орыс тілдерінде)" деген сөздермен толықтырылсын;

мынадай мазмұндағы төртінші абзацпен толықтырылсын:

"зерделенетін мәселелер бойынша статистикалық деректер";

8) 14-тармақ алынып тасталсын;

9) 15-тармақтың екінші абзацы мынадай мазмұндағы сөйлеммен толықтырылсын: "Бұл ретте сарапшыға мемлекеттік немесе орыс тіліне аудару үшін қосымша он күнтізбелік күн беріледі.";

10) мынадай мазмұндағы 15-1-тармақпен толықтырылсын:

"15-1. Сараптаманы ұйымдастырушы сарапшының ұсыныстары бойынша заң жобасын пысықтаған жағдайда сараптаманы жүргізу мерзімдері жаңартылған заң жобасының ұсынылған күнінен бастап белгіленеді.".

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының

Премьер-Министрі

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК